

Азаматтардың өтініштерін қарау тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2340 заң күші бар жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2007.01.12. N 221 Заңымен.

1. "Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына сәйкес және азаматтардың өтініштерін жеке адамның құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыру мен қорғаудың, оларды мемлекеттік органдарда, сондай-ақ ұйымдарда қараудың бірыңғай тәртібін белгілеудің маңызды құралы ретінде айқындау мақсатында осы Жарлықты шығарамын.

1-бап. Азаматтардың өтініштерін қарау тәртібі туралы заңдар

Азаматтардың өтініштерін қарау тәртібі Қазақстан Республикасының Конституциясымен, осы Жарлықпен, Қазақстан Республикасының басқа да заңдарымен реттеледі.

2-бап. Өтініштердің негізгі түрлері жөніндегі ұғым

Осы Жарлықта пайдаланылатын ұғымдар мынаны білдіреді:

1. Ұсыныс дегеніміз - қандай-да мемлекеттік органдардың сондай-ақ ұйымдардың (бұдан әрі - органдар) жұмысын жетілдірудің қажеттігіне назар аударуды олардың алдына қойылған міндеттерді шешудің нақтылы жолдары мен тәсілдерін ұсынуды мақсат етіп қоятын өтініш түрі.

2. Арыз дегеніміз - азаматтардың органдарға немесе олардың басшылары мен өзге де лауазымды адамдарына (бұдан әрі - лауазымды адамдар) жолдаған ресми өтініші, сол арқылы олардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзумен байланысты емес субъективтік құқықтары жүзеге асырылады.

3. Шағым дегеніміз - азаматтардың құқықтарының бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы, өтініштер бойынша қабылданған шешімдердің орындалмауы, лауазымды адамдардың жолсыз әрекеттері туралы өтініші.

4. Үн қосу дегеніміз - азаматтар сол арқылы мемлекеттің жүргізіп отырған ішкі және сыртқы саясатына, сондай-ақ қоғамдық мәні бар өзге де құбылыстар мен уақиғаларға өз көзқарасын білдіретін өтініштің түрі.

5. Сұрау салу дегеніміз - өздерін толғантатын жеке немесе қоғамдық сипаттағы мәселелер жөнінде ақпарат алуға деген азаматтардың мұқтажын білдіретін өтініш.

3-бап. Азаматтардың өтініш жасау құқығы

Өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, сондай-ақ басқа да жеке және заңды тұлғалардың, қоғамның немесе мемлекеттің мүддесін қорғау мақсатында азаматтардың органдар мен олардың лауазымды адамдарына өтініш жасауға құқы бар.

4-бап. Осы Жарлықтың қолданылу шегі

Өздерінің жоғары тұрған органдары жоқ мемлекеттік органдар мен ұйымдардың әрекеттері жөніндегі азаматтардың өтініштері сот тәртібімен шешіледі.

Шешілу тәртібі әкімшілік құқық бұзушылық, қылмыстық іс жүргізу, азаматтық іс жүргізу туралы заңдар мен өзге де заңдарда белгіленген азаматтардың өтініштері, сондай-ақ тегі, аты, әкесінің аты көрсетілмеген, қойған қолы, тұрған жайы, жұмысы немесе оқуы туралы деректері жоқ жасырын өтініштер қаралуға жатпайды.

5-бап. Өтінішті беру процедурасы мен нысаны

Осы жарлықта белгіленген тәртіппен берілген өтініштер міндетті түрде тіркелуге және қаралуға жатады. Өтінішті қабылдаудан бас тартуға тыйым салынады.

Өтініштерде тегі, аты, әкесінің аты, өтініш берушінің тұрғын жайы, жұмысы немесе оқуы жайындағы мәліметтер, әрекеттеріне шағым жасалатын органдардың немесе лауазымды адамдардың атауы, өтініштің себептері, өз талаптары көрсетіледі. Өтінішке оны беруші қол қоюға тиіс.

Өтініштер жеке немесе ұжымдық болуы және ауызша немесе жазбаша нысанда берілуі мүмкін. Азамат өтініш беруге басқа адамды уәкілді етуге құқылы. Кәмелетке толмаған және іс-қимылға қабілетсіз адамдардың мүдделері үшін өтінішті олардың заңды өкілдері береді.

Өтініштер онда қойылған мәселелерді шешу солардың құзырына жататын органға немесе лауазымды адамға жолданады.

Азаматтар мемлекеттік тілде, ұлтаралық қатынас тілінде, ана тілінде немесе өздері білетін кез-келген тілде ұсыныс жасауға, арыз беруге, шағым етуге, үн қосуға, сұрау салуға құқылы. Жауаптар мемлекеттік тілде немесе ұлтаралық қатынас тілінде қайтарылады.

6-бап. Өтініштерді қарау мерзімі

Азаматтардың өтініштері органдарға түскен күннен бастап бір айға дейінгі мерзімде, ал қосымша зерделеу мен тексеру талап етілмейтіндері 15 күннен кешіктірілмей қаралып, солар бойынша шешімдер қабылданады. Қосымша тексеру қажет болған жағдайда тиісті ұйымның басшысы өтініштің қаралу мерзімін ұзартуы мүмкін, бірақ ол бір айдан аспауға тиіс, бұл жөнінде азамат хабардар етіледі.

Қойылған мәселелер өздерінің құзырына жатпайтын органдарға түскен өтініштер 5 күн мерзімнен кешіктірілмей тиісті органдарға жіберіледі, бұл жөнінде азамат хабардар етіледі.

Лауазымды адамдардың әрекетіне немесе органдардың шешіміне арыз бағыныштылық тәртібімен жоғары тұрған лауазымды адамға немесе органға тиісті лауазымды адамның әрекеті немесе органның қабылдаған шешімі туралы азаматқа белгілі болған кезден бастап бір жылдан кешіктірілмей беріледі. Дәлелді себеппен өткізіліп алған мерзімді шағымды қараушы орган қалпына келтіреді.

7-бап. Өтініштер бойынша істі тоқтату

Өтініштерде қойылған мәселелер қаралып, олар бойынша қажетті шаралар қолданылғанда және өтініш берушілерге жауап қайтарылғанда азаматтардың өтініштері шешілген деп есептелінеді.

Егер мәселелерді шешу ұзақ мерзімге қалдырылса, онда оның түбегейлі орындалғанға дейін өтініш қосымша бақылауға алынады.

Егер өтініштер жөнінде тексерудің егжей-тегжейлі материалдары болса және авторларына белгіленген тәртіппен жауап қайтарылса, соны дәлелдер немесе жаңадан туындаған жағдаяттар келтірілмеген қайталама өтініштер тексерілуге жатпайды.

Органдарда өтініштер бойынша істі тоқтату туралы шешімді органның басшысы немесе оның орынбасары қабылдауға қақылы.

8-бап. Азаматтарды жеке қабылдау

Мемлекеттік органдардың, сондай-ақ ұйымдардың лауазымды адамдары айына кемінде бір рет азаматтарды жеке қабылдау жүргізуге міндетті.

Қабылдау жұмысы орны немесе тұрғын-жайы бойынша белгіленген және азаматтардың назарына салынған күндер мен сағаттарда өткізілуге тиіс.

Егер лауазымды адам қабылдау кезінде өтініш немесе шағымның шешімін таба алмаса, олар жазбаша түрде баяндалады да, олармен жазбаша өтініштер ретінде жұмыс жүргізіледі.

9-бап. Азаматтардың өтініштері бойынша іс жүргізу

Азаматтардың өтініштері бойынша іс жүргізу заңдарда белгіленген тәртіппен іс жүргізудің басқа түрлерінен бөлек жүргізіледі.

Азаматтардың өтініштерімен жұмысты ұйымдастыру, іс жүргізудің жай-күйі үшін жеке органдардың басшылары жеке-дара жауап береді.

10-бап. Өтінішті қарау кезіндегі азаматтардың құқықтары

Өтініш беруші азаматтың:

шағымды, арызды тексеруші адамға дәлелдерін өзі баяндауға;

қосымша материал беруге;

қабылданған шешім туралы ауызша немесе жазбаша түрде дәлелді жауап алуға;

өтініш бойынша қабылданған шешімге жоғары тұрған органға немесе жоғары тұрған лауазымды адамға шағым жасауға;

органдар мен лауазымды адамдардың заңды бұза отырып қабылдаған шешімдері мен әрекеттерін заңда белгіленген тәртіппен сотқа беруге құқығы бар.

11-бап. Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және лауазымды адамдардың құқықтары мен міндеттері

Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, олардың лауазымды адамдарының: өтініштерді қарау үшін қажетті ақпаратты белгіленген тәртіппен сұратуға және алуға;

азаматтардың өтініштерімен жұмыс істеудің жайы туралы халықты, еңбек ұжымдары мен бұқаралық ақпарат құралдарын хабардар етіп отыруға;

қасақана жалған мәліметтері бар хабарламаларды тексеруге байланысты келтірілген шығындарды сот шешімі бойынша азаматтан өндіріп алуға құқықтары бар.

Органдар мен лауазымды адамдар:

азаматтардың өздерінің құзырына жататын өтініштерін заңда белгіленген тәртіп пен мерзімде қабылдауға және қарауға;

заңды және негізделген шешімдер қабылдауға;

қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге;

азаматтарға жазбаша немесе ауызша түрде қабылданған шешімдер жайында хабарлауға;

шағымның оны берген адамға немесе оның мүддесіне орай берілген адамға нұқсан келтіруіне жол бермеуге;

шағымдарды солардың әрекеттеріне шағым жасалған лауазымды адамдарға жібермеуге;

мәселенің объективті түрде шешілуіне мүдделі еместігіне негіздер бар деп саналған адамдарға тексеруді жүктеу жағдайларын болдырмауға;

өтініш беруіне байланысты азаматтарды және олардың отбасы мүшелерін қудалауға тыйым салуға;

азаматтардың келісуінсіз олардың жеке өмірі туралы мәліметтерді немесе мемлекеттік не заңмен сақталатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтер мен басқа да ақпаратты жарияламауға міндетті. Сондай-ақ өтінішке қатысы жоқ, азаматтың жеке басы туралы деректерді анықтауға жол берілмейді;

сын ескертпелері бар азаматтардың өтініштерін талдауға және жинақтауға, жұмысты жетілдіру және азаматтардың шағымдарын тудыратын себептерді жою мақсатында қоғамдық пікірді зерделеуге;

азаматтардың өтініштерін қарау жөніндегі жұмыстың жай-күйін ұдайы тексеріп отыруға міндетті.

12-бап. Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың өтініштері

Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға құқығы бар, сондай-ақ құқығы жоқ шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың өтініштері, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен оларды қараудың өзгеше ережелері көзделмесе, осы Жарлықта белгіленген тәртіппен қаралады.

13-бап. Осы Жарлықтың күшіне енгізілу тәртібі

Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті